

"Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 214 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 02 шілдеде № 8552 тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 207-210 (26612) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ғылыми дәрежелер беру ережесінде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Диссертацияның негізгі мазмұны ғылыми, ғылыми-сараптау және ғылыми-практикалық басылымдарда жариялануы тиіс.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелеріне ұсынылған диссертацияның ғылыми нәтижелері кем дегенде 7 (жеті) жарияланымда, оның ішінде кем дегенде 3 (үшеуі) уәкілетті орган ұсынатын ғылыми басылымдарда, 1 (біреуі) Томсон Рейтер (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналда, 3 (үшеуі) халықаралық конференция материалында, оның ішінде 1 (біреуі) шетелдік конференция материалында жариялануы тиіс.

Мемлекеттік құпиялары бар диссертация қорғалған жағдайда шет елдік ғылыми журналдағы жарияланымның орнына уәкілетті орган ұсынған ғылыми басылымдағы жарияланым есептеледі.

Шетелде алған ғылыми дәрежесінің баламалылығын тануға құжаттарын ұсынған тұлғалар үшін аттестациялық ісі Комитетке ұсынылған мерзімге дейін жарияланған ғылыми еңбектер ескеріледі. Бұл ретте диссертация тақырыбы бойынша кемінде 7 (жеті) жарияланым, оның ішінде кемінде дегенде 3 (үшеуі) уәкілетті орган ұсынатын ғылыми басылымдарда немесе 3 (үшеуі) диссертация қорғалған елдің ғылыми басылымдарында, 1 (біреуі) Томсон Рейтер (ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters) компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Scopus компаниясының деректер базасына кіретін

халықаралық ғылыми басылымда және 3 (үшеуі) халықаралық конференция материалдарында, оның ішінде 1 (біреуі) шетелдік конференция материалдарында (Қазақстан Республикасында және (немесе) диссертация қорғалған елде өткізілмеген) ж а р и я л а н у ы т и і с . » ;

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Докторант авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалды пайдаланған жағдайда диссертациялық кеңес немесе Комитет теріс шешім қабылдайды.»;

10-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Аттестациялық істерінің қаралу мерзімі Комитетке келіп тіркелген күнінен бастап 4 (төрт) айды құрайды. Аттестациялық істер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 бұйрығымен бекітілген және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6929 болып тіркелген Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің (бұдан әрі - Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереже) 20-тармағының және осы Ереженің 22-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, сондай-ақ Комитет аттестациялық істің құжаттары бойынша мәліметтерді сұраса, аттестациялық істі қарау мерзімі 1 (бір) айға созылады. Қарау мерзімі созылғаны туралы Комитет докторантқа немесе арызданушыға созылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күн ішінде хабарлайды.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Сараптау кеңесінің отырысы бекітілген құрамның 2/3-сінен (үштен екісінен) кем болмаған жағдайда құқылы болып саналады.

Егер ашық дауыс беру кезінде кеңес мүшелерінің жартысынан көбі дауыс берсе, қорытындылар мен ұсынымдар қабылданған болып есептеледі және оларға төрағалық етуші, кеңестің ғалым хатшысы қол қояды. Дауыстар тең болған жағдайда сараптау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Сараптау кеңесі мүшелерінің қатысуы осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес келу п а р а ғ ы м е н р а с т а л а д ы . » ;

мынадай мазмұндағы 16-1-тармақпен толықтырылсын:

«16-1. Осы Ереженің 5-8-тармақтарының талаптарына сәйкес болмағандықтан философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін беруден бас тартылған немесе аттестациялық істі Комитет қайтарған жағдайда докторант диссертацияны кем дегенде бір жылдан кейін қайта қорғауға ұсынады.»;

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

20. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың шетелде алған ғылыми дәрежелерінің, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерінің баламалылығын тану философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін беру арқылы жүзеге асырылады. Баламалылықты тану рәсімін осы Ереженің 21, 21-1, 22-тармақтарында белгіленген тәртіпте өздерінің жеке өтініштері және (немесе) олар жұмыс істейтін ұйымның

қолдаухаты бойынша Комитет жүргізеді.

21. Ғылыми дәрежесін шетелде алған Қазақстан Республикасы азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін беру рәсімі үш кезеңнен тұрады:

- 1) ғылыми дәреженің берілгені туралы құжаттың түбірін растау;
 - 2) меңгерілген кәсіптік білім беру бағдарламаларының (күндізгі оқу бөлімінде) қазақстандық докторантураның мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін анықтау рәсімдері;
 - 3) диссертациялардың осы Ереженің 5-8-тармақтарына сәйкестігін сараптау.»;
- мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

«21-1. 500 академиялық рейтингтердің тобына (Джао Тонг Шанхай университеті, Таймс, QS) немесе U.S. News and World Report рейтингінің 200 ұлттық университетінің тобына кіретін жоғары оқу орындарында диссертация қорғаған және кемінде 3 жыл жұмыс істеген тұлғалардың шетелде алған философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дипломдарының баламалылығын тану осы Ереженің 21-тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленген рәсімдерсіз жүргізіледі.»;

22 және 23-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Ғылыми дәрежесін шетелде алған Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ тұлғалардың философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін беру туралы жеке өтінішті немесе қолдаухатты тапсыру кезінде келесі құжаттар қоса беріледі:

1) құжат иесінің жеке басын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі ;

2) ғылыми дәреженің берілгені туралы құжаттың нотариалды расталған көшірмесі немесе дәрежені беру туралы құжаттың нотариалды расталған мемлекеттік немесе орыс тілінде аудармасы ;

3) мынадай ақпараттары бар ғылыми дәреженің берілгені туралы құжатқа (транскрипт) қосымшаның нотариалды расталған көшірмесі: өткен оқу пәндері мен практикалардың, алған қорытынды бағалары және бітіру біліктілік жұмыстарының көлемі. Транскрипт жоқ болған жағдайда аспирантураға (докторантура) қабылданғаны және оқудан шығарылғаны туралы бұйрықтан үзінді, өткен оқу пәндері мен практикалардың көлемі туралы мәліметтер, кандидаттық емтихан тапсырғаны туралы куәлік ұсынылады ;

4) берік түптелген және электронды тасымалдағыштағы (CD-диск) диссертация. Шет тіліндегі диссертацияға мемлекеттік немесе орыс тіліндегі авторефераттың немесе кеңейтілген аннотацияның (40 мың баспа белгілерден кем емес) нотариалды куәландырылған аудармасы қоса беріледі. Аннотацияда зерттеудің шығу мәліметі, мақсаты, міндеттері, таңдалған тақырыптың өзектілігі, негізгі ғылыми ережелері, қорытындылар мен ұсынымдар көрсетіледі;

- 5) диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдар тізімі мен көшірмесі;
6) Диссертациялық кеңес туралы үлгі ереженің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік және орыс тілдеріндегі диссертацияның есептік-тіркеу карточкасы;
7) жұмыс орнында расталған кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;
8) диссертацияда докторанттың авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалды пайдаланғанын тексергені туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығының немесе диссертация қорғаған елдің уәкілетті органының анықтамасы (ерікті нысанда).

23. Осы Ереженің 22-тармағында көрсетілген жеке өтініші немесе қолдаухат пен құжаттар Сараптау кеңесінде қаралады. Ол шетелде берілген философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін тану туралы қорытынды шығарады. Қорытынды осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Электронды тасымалдағыштағы (CD-диск) диссертацияны Комитет Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығына жолдайды»;

27-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін беру мәселелері бойынша дауларды сотқа дейін реттеу үшін апелляция берілген күннен бастап 2 (екі) ай ішінде Комитет құрамы өзінің 2 (екі) өкілінен және ғылыми кеңесші, рецензент, диссертациялық және Сараптау кеңестерінің мүшелері болып табылмайтын тиісті мамандық бойынша 3 (үш) ғалымнан тұратын апелляциялық комиссияны (бұдан әрі — комиссия) құрады.»;

1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын; осы бұйрыққа 2 және 3-қосымшаларға сәйкес 2 және 3-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (С.Ә. Ырсалиев):

1) осы бұйрықтың белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.Қ. Орынхановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

2013

жылғы

30

мамырдағы

№

214

бұйрығына

1-қосымша

Ғ ы л ы м и д ә р е ж е л е р д і
б е р у е р е ж е с і н е
1-қосымша

Нысан

бойынша

(ғылым саласы)

Сараптау кеңесінің

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы С Ы

20__ ж. «_____» _____ № _____ хаттама

ТЫҢДАЛДЫ:

мамандығы бойынша

тақырыбындағы диссертацияны қорғау негізінде докторант

(докторанттың тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі - Т.А.Ә.)
философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру
туралы қолдаухат бойынша 20__ ж. “_____” _____ (№ _____ хаттама)

(диссертациялық кеңестің шешімі туралы)

№ _____ іс.

Сарапшы _____ тыңдап және
істің материалдарын талқылап, Сараптау кеңесі мынаны белгіледі:

1. Диссертация тақырыбының өзектілігін бағалау _____

(ғылым мен техниканың дамуына, қоғамдық практика сұраныстарына сәйкестігі)

2. Диссертация тақырыбының Қазақстан Республикасында іске
асырылатын ғылыми дамудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік
бағдарламаларға сәйкестігі

3. Ең маңызды ғылыми нәтижелері, олардың жаңалығы және негізділігі
(теориялық жағдайы, мәдени-әлеуметтік, экономикалық, саяси,
техникалық немесе технологиялық шешімдер; жұмыстың кемшіліктері)

4. Диссертацияның қолданбалы немесе теориялық мәні бар (керектісін сызу қажет).
Диссертация нәтижелерін енгізу _____

(өнеркәсіптік ендіру ауқымы, тәжірибелік-өнеркәсіптік,
зертханалық сынақтар, оқу процесінде пайдалану және т.б.)

П а й д а л а н у д а н а л ы н ғ а н ә с е р
(экономикалық, техникалық, экологиялық, әлеуметтік және т.б.)

Практикаға ендіру үшін _____
(авторлық куәліктер, патенттер, алдын ала патенттер, зияткерлік меншік туралы
к у ә л і к т е р)

(ғылыми нәтижелерді пайдалану жөнінде теоретикалық ұсыныстар)

Ұ с ы н ы л а д ы .

5. Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі: диссертация тақырыбы
бойынша _____ ғылыми еңбек, оның ішінде:
_____ Комитет ұсынатын басылымдарда;
_____ Томсон Рейтер компаниясының ақпараттық базасының
деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Scopus

компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда;
_____ халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде
_____ шетелдік конференциялар материалдарында
_____ басқа жарияланымдар.

6. Рецензенттер мен ғылыми кеңесшілердің бір-біріне тәуелсіздік
қағидасының сақталуы _____

Аттестациялық іс материалдарының Диссертациялық кеңес туралы
үлгі ережемен осы Ереже талаптарына сәйкестігін бағалау

7. Диссертацияда авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен
материалды пайдаланғанының (плагиат) анықталуы

(бар немесе жоқ)

Плагиат болған жағдайда пайдаланған дереккөзін көрсетілген
салыстырмалы кесте қоса беріледі.

8. Диссертациялық кеңеске ескертулер _____

9. Сараптау кеңесі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

9.1. Іс осы Ереженің және Диссертациялық кеңес туралы үлгі
ереженің барлық талаптарын _____.
(қанағаттандырады немесе қанағаттандармайды)

9.2. Комитет докторант _____
(докторанттың Т.А.Ә.)

(диссертацияның осы Ереженің қандай тармақтарына сәйкес

бағаланғандығы көрсетіледі: жиынтығы маңызды мәнге ие болатын,
пайдаланылуы маңызды қолданбалы міндетті шешуді қамтамасыз ететін;

маңызды ғылыми міндетті шешетін ғылыми-негізделген жаңа

теориялық және (немесе) нақты ғылыми бағыттарды дамытуға арналған

тәжірибелік нәтижелер алынды)

үшін

мамандығы бойынша

философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруді

(ұсынады немесе ұсынбайды)

Дауыс беру нәтижелері: «ЖАҚТАП» дауыс бергені _____

«ҚАРСЫ» _____

«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНЫ» _____

Төраға _____

(тегі, а.ә.)

Ғалым хатшы _____

(тегі, а.ә.)

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрінің

2013

жылғы

30

мамырдағы

№

214

бұйрығына

2-қосымша

Ғылыми

дәрежелерді

беру

ережесіне

2-қосымша

Нысан

«Бекітемін»

Қазақстан

Республикасы

Білім

және

ғылым

министрлігі

Білім

және

ғылым

саласындағы

бақылау

комитетінің

төрағасы

20 __ ж. «__» __

сараптау кеңесінің келу парағы

20 __ ж. «__» __

№	Тегі, а.ә.	Сағат саны		Сараптау кеңесі	

		Сараптау объектісі, қорытындылар саны	қорытындылар	жұмысқа қатысу, сағат	мүшесінің қолы	Сараптау кеңесі төрағасының қолы

Төраға орынбасары

Басқарма басшысы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Б і л і м

ж ә н е

ғ ы л ы м

м и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

3 0

м а м ы р д а ғ ы

№

2 1 4

б ұ й р ы ғ ы н а

3-қосымша

Ғ ы л ы м и

д ә р е ж е л е р д і

б е р у

е р е ж е с і н е

3-қосымша

Нысан

бойынша

(ғылым саласы)

Сараптау кеңесінің

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы С Ы

20__ ж. «__» _____ № _____ хаттама

ТЫҢДАЛДЫ:

мамандығы бойынша

елде алған

(м е м л е к е т , ұ й ы м)

(ізденушінің тегі, аты, әкесінің аты (бұдан әрі - Т.А.Ә.)

дәреженің баламалылығын тану туралы

№ аттестациялық іс.

Д и с с е р т а ц и я

т а қ ы р ы б ы :

Сарапшы _____ тыңдап және

істің материалдарын талқылап, Сараптау кеңесі мынаны белгіледі:

1. Диссертация тақырыбының өзектілігін бағалау _____

(ғылым мен техниканың дамуына, қоғамдық практика сұраныстарына сәйкестігі)

2. Ең маңызды ғылыми нәтижелер, олардың жаңалығы және негізділігі

(теориялық жағдайы, мәдени-әлеуметтік, экономикалық, саяси,

техникалық немесе технологиялық шешімдер)

3. Диссертацияның қолданбалы немесе теориялық мәні бар (керектісін сызу қажет).

Диссертация нәтижелерін практикалық пайдалану кезеңі

(өнеркәсіптік ендіру ауқымы, тәжірибелік-өнеркәсіптік,

зертханалық сынақтар, оқу процесінде пайдалану және т.б.)

П а й д а л а н у д а н а л ы н ғ а н ә с е р

(экономикалық, техникалық, экологиялық, әлеуметтік және т.б.)

П р а к т и к а ғ а е н д і р у ү ш і н

(авторлық куәліктер, патенттер, алдын ала патенттер, зияткерлік меншік туралы
к у ә л і к т е р)

(ғылыми нәтижелерді пайдалану жөнінде теоретикалық ұсыныстар)

ұсынылады.

4. Жарияланымдар толықтығының сәйкестігі: диссертация бойынша _____

ғ ы л ы м и е ң б е к , о н ы ң і ш і н д е :

_____ Комитет ұсынатын басылымдарда;
_____ Томсон Рейтер компаниясының ақпараттық базасының деректері бойынша нөлдік емес импакт-факторға ие немесе Scopus компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдарда;
_____ халықаралық конференциялар материалдарында, оның ішінде _____ шетелдік конференциялар материалдарында _____ басқа жарияланымдар.

5. Диссертацияда авторы мен дереккөзін көрсетпей бөтен материалды пайдаланғаны (плагиат) анықталуы _____
(б а р н е ж о ғ ы)

Плагиат анықталған жағдайда пайдаланған дереккөзін көрсетілген салыстырмалы кесте қоса беріледі.

6. Меңгерілген кәсіптік білім беру бағдарламаларының қазақстандық докторантураның (күндізгі оқу бөлімінде) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкестігін анықтау

7. 500 академиялық рейтингтердің тобына (Джао Тонг Шанхай университеті, Таймс, QS) немесе News рейтингінің 200 ұлттық университетінің тобына кіретін жоғары оқу орындарында _____
(Ж О О , р е й т и н г)

жұмыс өтілі _____

8. Сараптау кеңесі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

8.1. Ізденуші _____ аттестациялық ісі осы
(Т.А.Ә.)

Ереженің барлық талаптарын _____
(қанағаттандырады немесе қанағаттандармайды)

8.2. Комитет ізденуші _____
(Т . А . Ә .)

_____ (диссертацияның осы Ереженің қандай тармақтарына сәйкес

_____ бағаланғандығы көрсетіледі: жиынтығы маңызды мәнге ие болатын,

_____ пайдаланылуы маңызды қолданбалы міндетті шешуді қамтамасыз ететін;

_____ маңызды ғылыми міндетті шешетін ғылыми-негізделген жаңа

теориялық және (немесе) нақты ғылыми бағыттарды дамытуға арналған

тәжірибелік нәтижелер алынды)

үшін

мамандығы бойынша

(мамандық шифры, мамандық)

дәрежесінің баламалылығы танылсын және

мамандығы бойынша

философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруді ұсынады.

8.3. Комитетке _____
ізденушінің аттестациялық ісін келесі себептерге байланысты

(осы Ереженің қай тармақтарына сәйкес келмейтіні көрсетіледі)

(ұсынбайды және (немесе) қайтарады)

Дауыс беру нәтижелері: «ЖАҚТАП» дауыс бергені _____

«ҚАРСЫ» _____

«ҚАЛЫС ҚАЛҒАНЫ» _____

Төраға _____

(тегі, а.ә.)

Ғалым хатшы _____

(тегі, а.ә.)